



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

24 шілде
сенбі

№58 (1760)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы


БІЛІМ ГРАНТЫ: ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

Мектеп бітірген түлектің ең үлкен арманы – өзі қалаған мамандығы бойынша грант жеңіп алу.

Он бір жыл алған білімнің сыналар сәті де осы.

Ата-ананың, ұстаздың үмітін ақтап, білім грантын жеңіп алса, дәл қазір одан бақытты адам жоқ. Білім құған талапты баланың грантка түсуге мүмкіндігі мол. Бұл – мемлекеттің білімге ұмтылғандарға қамқорлығы. Алайда «судын да сұрауы бар». Грантты жеңіп алған түлекке қойылар талап бар. Бүгінгі күнге дейін тек педагогика, медицина, ауылшаруашылық, ветеринария мамандығымен грант негізінде және «ауыл квотасымен» оқығандар кемінде үш жыл мемлекеттік мекемеде жұмыс істеуге міндеттелсе, биылдан бастап бұл талап барлығына бірдей болды. Бір сөзбен айтқанда, грантпен оқығандардың барлығы оның қайтарымын кемінде үш жыл еңбекпен өтеуге тиіс.

Дегенмен жақсы жаңалық бар. Заң талабы жеңілдеді. Бұл туралы кейінірек...



Жақында ауыл түлегінің бірі сот пен жұмыс ортасында шапқылап, әбігерге түсті де қалды. Бақсақ, «ауыл квотасының» әжептәуір сұрауы бар екен. Мұны жеңілдікті пайдаланып, оқуға түскен жастардың бәрі

білгені жөн. Анығын айтар болсақ, «ауыл квотасымен» оқуға тегін түскендер диплом алған соң кез келген қалада қала алмайды. Өзі түлеп ұшқан туған жерге тағзым етіп, кемінде үш жыл еңбек етуі тиіс. Алайда

мұны ескермей, ауылға келгісі келмейтін талай дипломды маман қазір сотқа барып жүр. Мұндай көріністі көзбен көрдік.

2 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫ тұрақты баға кепілі ме?



«Қыстың қамын жаз ойла» демекші, қыс азығын жаз бойы дайындаймыз. Десе де бүгінде азық-түлік пен көкөніс бағасына тұсау болмай тұр. Әсіресе, қыс пен көктем мезгілінде «жығылғанға жұдырық» дегендей, жеміс-жидек пен көкөніс бағасы шарықтап кетеді. Мұны мамандар карантин жағдаймен байланыстыруда. Дегенмен көктем сайын көкөніс бағасы көккешатыны қалыпты жағдай.

2 БЕТТЕ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

САЙЛАУ



Тұрсын ЖҰРТБАЙ, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы:

«ҚЫЗЫЛОРДАҒА БАРҒАНДА ҮШ ҒИМАРАТТЫ ІЗДЕЙМІН»

Қарымды қаламгер, ғалым, алаштанушы Тұрсын Жұртбай қазақ руханияты хақында қалам тербеп жүрген жазушы қатарында. Жазушы шығармасына арқау болған талай тағылымды туындылар терең зерттеліп, тың ақпараттарымен оқырманын тәнті етіп келеді. Ол сонысымен де құнды, сонысымен де бағалы.

Бүгін біз Тұрсын Құдакелдіұлымен Қызылорданың астана болған жылдары алаш қайраткерлерінің Сыр өңірінде атқарған қызметі туралы сұхбатымызды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

3 БЕТТЕ



САЙЛАУҒА БАРАМЫЗ...

Байқалғаны, аталған сайлау көптен бері ауыл тұрғындарының көкейінде жүрген өзекті мәселенің шетін шығарды. Ондағысы, ауылдың ау-жайымен жақсы таныс азамат елді мекенді басқарса деген ел тілегі. Себебі кей ауылда сырттан келген басшы жергілікті мәселенің мәнісі мен маңызын жете түсінбей, көптеген олқылықтың шешу мерзімін кешіктіріп келген-тұғын. Оған қоса тұрғындармен тіл табыса алмау салдарынан халықтың берекесі тайып, бір-бірін «сотқа сүйреген» жағдайлар жиі қайталанды. Биліктің ұлт қазынасы – ауылдың тірлігін, болашағын сақтау жолында қолға алынған өзгерістің бір тетігі де тұрғындардың бірлігін күшейту еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін сайлаудың маңызына бұған дейін де нақты тоқталып, өзгерістің дамуға жетелейтініне сенім білдірді. Тіпті Мемлекет басшысы «Twitter» парақшасында ауыл

тұрғындарын сайлауға белсенді қатысуға шақырып, үндеу жолдаған болатын.

«25 шілде күні Қазақстанда алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтеді. Бұл оқиға саяси жаңғырудың жаңа кезеңін білдіреді. Сайлаушыларды белсенді дауыс беруге шақырамын. Халықтың мүддесі үшін барлық қажетті өзгерістерді жүзеге асыру керек», – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Айта кетейік, биыл аймақтағы 40 ауылдық округ тікелей дауыс беру арқылы әкім сайлауын өткізеді. Бүгінде облыста 122 кандидат тіркеліп, бюллетеньге енгізілген. Ұсынылған кандидаттардың арасында 8-і әйел. Сондай-ақ 27-сі мұғалім, 24-і экономика, қаржы, 22-сі заңгер, 14-і инженер-технолог, 2-і саясаткер, 1-і дәрігер мамандығын иегері.

Берен ШАҒЫРОВ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

ТӘЛІПТЕР НЕНІ ҚАЛАЙДЫ?

Бүгінде тәліптерінің ланы жалғыз Таяу Шығыстың ғана емес, Орталық Азия үшін де қауіп көзіне айналды. Ұзақ жыл исламистік идеология ұстанған топтың өзге мекенге көз алартуын ауыздықтан отырған жалғыз күш – шетел әскері. Биыл НАТО, әсіресе АҚШ әскерінің Ауғанстаннан түгел кетер шағы тағалы ұйым мүшелері күш алып, жан-жаққа қокан-лоққы көрсетіп, жаңа жоспар түзуде. Тіпті «Талибан» радикалды ұйымы Мәскеуде баспасөз конференциясын өткізіп, Ауғанстандағы көп аймаққа қайта бақылау орнатқанын жеткізген болатын. Міне, осыдан кейін Орта Азия халықтарында күдік артты. Ауқымды ақпарат агенттіктері Ауған жерінен қашқан босқындар өмірі, бейбіт халықтың өлімі, ұйымның әскери қимылы төңірегінде көптеген ақпаратты үздіксіз жариялап, әлем назарын аударып келеді.



Осындай ақпарат ағымының қош басында «CNN» арнасы тұр. Алта бойы арианың ресми сайты Ауғанстан мен тәліптер қозғалысына қатысты маңызды мәліметке толы болды. Оның ішінде билік пен содырлар арасындағы қақтығыс, тұрғындардың тәліптердің озбырлығын жеткізген өмірбаяны әсерлі де шынайы қозғалған. Осы орайда «CNN» арнасында жарық көрген Орен Либерманның «АҚШ-тың тәліптерге соққысы» және Саиди Сидху, Анна Корен, Хелен Риганниң «Тәліптер тілшілі өлтірді» атты қос бірдей бағдарламаға шолу жасау жөн секілді. Себебі екі бағдарламаның ортақ өзегі – Ауғандағы ахуал, тәліптердің жауыздығы, қарапайым халық.

Алдымен Орен Либерманның «АҚШ-тың тәліптерге соққысы» атты бағдарламасынан бастайық. Мақалада АҚШ сарбаздарының ел аумағынан шығу мерзімі мен тәліптердің әскери техникасына жасаған шабуылы айтылған. Автордың сөзіне сүйенсек, бейсенбінің түнінде АҚШ әскері Қандагар аймағында «Талибан» ұйымының маңызды әскери техникаларына екі рет соққы жасап, лаңкестерді қырғынға ұшыратқан.

«АҚШ әскерінің Ауғанстаннан кетер уақыты таяғанымен олардың әлі Ауған жерінде әскери іс-қимыл жасауға құқығы бар. Мұндай әскери күзірет АҚШ тарапында болғанымен, соңғы жылдары тәліптерге қарсы шабуылды айтарлықтай азайтты. Мысалы, соңғы бір айда АҚШ әскері тәліптерге қарсы тек 6-7 шабуыл жасаған. Оның өзі әскери дрон арқылы ғана. Сондай соққының кезекті көрінісі бейсенбіде орын алған. АҚШ әскері Ауған ұлттық қорғаныс және қауіпсіздік күштерімен (ANDSF) бірлесіп, тәліптердің қолға түсірген маңызды әскери техникалары мен лагерлеріне шабуыл жасады».

Расында, қайтар күні таяған АҚШ әскерінің ауған тәліптеріне соққы жасағаны шындық екен. Шабуыл туралы ақпарат тарағалы Пентагонның ресми өкілі, АҚШ Әскери-теңіз күштерінің тыл адмиралы Джон Кирби брифинг өткізіп, оқиға туралы мәлімдеме жасаған: «Біз соңғы күндері Ауған ұлттық қорғаныс және қауіпсіздік күштерімен (ANDSF) бірлесіп, «Талибан» радикалды ұйымына қарсы тек әуе соққысын жасадық. Бірақ шабуылдың техникалық ерекшелігі туралы ештеңе білмейміз».

Алайда «CNN» арнасының тілшілері Пентагонның ресми өкілдерінен әскери операцияның негізгі мақсатын нақтылай алды. Оның себебі мынада екен. АҚШ пен НАТО әскері елге келген Ауған ұлттық қорғаныс және қауіпсіздік күштеріне (ANDSF) тәліптерден қорғану үшін құнды әскери техникаларды табыстаған болатын. Олардың арасында әуе қорғанысын қамтамасыз ететін және танкі шабуылына қарсы қарулар бар-тұғын. Қызығы, уақыт өте «Талибан» ұйымы сол маңызды әскери техникаларды күшпен қолға түсіріп, қарсы қолдануға көшкен. Сондықтан АҚШ дрондарының соңғы 3-4 әскери операциясы тәліптердің қолында қалған осы маңызды техникаларды жоюға бағытталыпты.

Жалпы тәліптер ел аумағында ықпалын күшейтіп келеді. Оған қоса АҚШ әскерінің елден шығатын күні белгілі болғанын көптеген әскери техника мен аумақ содырлардың иелігіне көшкен. Бұған дейін АҚШ билігі Ауған жерінен сарбаздарды шығару ісі 95 процент орындалғанын айтса, Джо Байден тамыздың соңына дейін бар әскерді кері қайтаратынын мәлімдеген. Тек 650 әскер ғана елілік пен халықаралық Кабул әуежайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, АҚШ-тың Ауғанстандағы дипломатиялық байланысын тұрақтандыру үшін қалатын болады.

«Сәрсенбіде штаб басышыларының Біріккен комитетінің төрағасы генерал Марк Милли Ауғанстандағы тәліптер 419 аймақтың 213-не иелік ететінін мәлімдеді. Содырлар 34 аймақтың орталық қаласын жаулап алмаса да аймақаралық қатынасты тежеу арқылы қиындық туындауы мүмкін. Тіпті генерал «Шамасы, стратегиялық серпін тәліптерге тиесілі сияқты. Лаңкестердің барлық аймақ пен әскерлерді өзіне қаратуы мүмкін. Біз мұқият бақылап отырмыз» деп, аймақтағы ахуалдың шын мәніндегі көрінісін сездірді.

Тәліптерге әуе соққысының жиілеуі де тегін емес секілді. Себебі қазіргі уақытта Байден әкімшілігі АҚШ әскеріне тілмаш болған ондаған мың аудармашы мен олардың отбасын эвакуациялауға әзірлік жасауда. Аудармашылар АҚШ-қа қоныс аудару үшін арнайы иммиграциялық виза алуға (SIV-ауд.) өтінім беруге көшкен. Көбісі Ауғанстанда АҚШ әскеріне көмектескендіктен келешек өмірі үшін қорқып отыр.

4 БЕТТЕ

Айау – ауыл түлегі. Ол да арман қуып, әсем Алматыда өзі қалаған мамандығы бойынша оқуға түседі. Әрине, «ауыл квотасымен». Диплом алған соң ауылға қайтуды ойламайды. Әсем қаланың тұрғыны болуды қалаған оған жұмыс та табыла қояды. Университетті үздік бітірген жас маман, шет тілін жетік меңгерген. Мұндай маман жұмысыз қалсын ба?! Үлкен қалада бір емес, бірнеше жұмысты қатар алуға да мүмкіндік жетіп артылады. Әр секундты бағалай білетін қала тұрғынына айналған ол ауылдағы үйіне қайта-қайта хат келіп жатқанына да мән бермейді. Бір күні құзырлы мекемеден қоңырау шалып, «сіз мынша миллион ақшаны мемлекетке қайтаруыңыз керек» дегенде талып құлай жаздайды. Ама! жоқ, Алатаудан да биік арманын кішкентай шабаданна сыйғызып, елге қайтады. Қазір ауылда жұмыс істеп жүр. Ағылшын тілін жетік білетін маманның келгеніне бүкіл ауыл мәз. «Ауыл квотасын» негізгі мақсаты да осы болса керек.

Бұл бір мысал ғана. Бүгінде Айаудың «тағдыр-ластары» аз емес. Тіпті ауылға бармай, облыс орталығынан жұмыс таба алмай жүргендер қаншама?! «Ауыл квотасын» қайтарымын түсінбей, сот табалдырығын тозырып жүргендер де бар.

Тағы бір кейіпкер – Гүләйім (кейіпкердің есімі өзгертілді). Ол да сот алдына дейін барған дипломды маманның бірі. Бір айырмашылығы, Гүләйім білім грантымен оқу бітірген. Жас маман еңбек жолын оқу орны ұсынған жолдама көрсетілген алыс ауылға барып, мұғалім болуды қаламайды. Оның түсінінше, ауыл мектебінде «ауыл квотасымен» оқығандар ғана жұмыс істейтініс. Дипломды жас маманның арманы асқақ. Үлкен қаланың өміріне үйренген ол алақандай ауылға барып еңбек етуді қосынды да. Қаладан жұмыс табылманы дегенше күткенім жөн деп шешім қабылдаған ол жұмысқа тұрға асықпады. Бір күні соттан хат келгенде асып-сасып қалды. Өзінің айтуынша, дәл мұндай талап қойылып, сұрау салады деп ойламапты.

– Университетті бітіретін жылы біздің мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеуіміз талап етілетіні қайта-қайта ескертілді. Тіпті өзіміздің облыстан сұраныс бар екенін дәлелдейтін анықтама да сұралды. Әйтпесе, қар жетіспей жатқан өзге аймаққа жолдама берілетінін білгеннен кейін таныс арқылы бір мектептен анықтама алып өткізе салдым. Дайын жұмыс қайдан болсын?! Бір жыл бойы түрлі салада жұмыс атқарып жүрдім. Тағы бір жыл өтті. Үшінші жыл дегенде мектепке жұмысқа орналастым. Бір күні қоңырау шалып, екі жылды босқа өткізген және құзырлы мекеменің сотқа шағымданған шығыны бар, бәрін қосқанда қосымша қаржы жалақынан ұсталатыны туралы хабарлады. Жайбаракат өмірден мазасыз. Алдақат жалдау, сотқа бару басталды. Негізгі мемлекеттік грантпен оқуға түскен соң бұрын жауапкершілікпен қарау керек екен. Мен ауыл квотасын пайдаланғандарға ғана осындай талап қойылады деп түсіндірдім, – дейді ол.

АЙЫБЫН ТӨЛЕГЕНДЕР БАР

Грант негізінде білім алып, диплом алған соң талапты орындамағандардың бүгінгі жайын білу үшін «Қаржы орталығы» АҚ-на хат жолдаған едік. «Қаржы орталығынан» келген хатта мынадай деректер көрсетілген: «Өздеріне жүктелген міндеттерді орындаудан бас тартқан жас мамандарды оқуға жұмсалған бюджет шығыстарын өтеу ретінде 504 991 762,3 теңгені және 17 098 049,70 теңге сот өндіріп алған заңды тұрақсыздық айыбын республикалық бюджетке қайтарды. 2014 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі барлық кезеңде бюджетке 1 323 961 152,12 теңге оқу шығындары және 39 146 820,70 теңге заңды тұрақсыздық айыбы қайтарылды».

Басы 1-бетте



БІЛІМ ГРАНТЫ: ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

КӨП КӨКЕЙІНДЕГІ СҰРАҚ

Мақала дайындау барысында «Қаржы орталығының» сайтындағы ақпараттармен де таныстық. Мұнда «Жіні қойылатын сұраққа жауап» бөлімінде көп көкейіндегі сұрақтарға нақты жауап та бар. Мәселен...

– Ауыл квотасы бойынша оқу бітірген түлектің қаладағы мемлекеттік білім беру ұйымында немесе мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымында жұмысын өтеуіне құқы бар ма?

– Жоқ, егер жас маман заңның 47-бабының 17-тармағына сәйкес педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша ауылдық квота бойынша оқу бітірген болса, ол ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік білім беру/денсаулық сақтау ұйымдарында жұмысты өтеуге міндетті.

– Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша оқыған жас маман ЖОО-ны бітіргеннен кейін өз мамандығынан басқа мамандық бойынша мемлекеттік ұйымға (әкімдік, салық комитеті, ХҚКО, банк және т.б.) өз бетінше жұмысқа тұрған болса, бұл жұмысты өтеу ретінде есепке алына ма?

– Жоқ, аталған ұйымдарда жұмыс істеу жұмысты өтеу есебіне саналмайды. Өйткені заңның 47-бабының 17-тармағына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық және медициналық мамандықтарға оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл сәйкесінше мемлекеттік білім беру ұйымдарында және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыспен өтеуге міндетті. Заңда оқу бітірушілерді мемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыру үшін негіздер қарастырылмағандықтан, жоғарыда аталған ұйымдағы жұмысты өтеу мерзіміне есепке алу мүмкін емес. Жас маман мемлекеттік білім беру ұйымына (мектеп, балабақша, бөбекжай-бақша, колледж, университет) және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымына (ауруханалар, емханалар) жұмысқа орналасуы тиіс.

Оқу бітірген соң мемлекеттік білім беру ұйымында жұмыс істеп, міндетін ішінара орындаған жас маман тұрмыс құруына байланысты жұмысынан шығып кеткен жағдайда оның жұмыспен өтеу міндеті тоқтай ма?

– Заңның 47-бабының 17-тармағында көзделген жұмыспен өтеу міндетін тиісінше орындау үшін жас маман жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл мемлекеттік білім беру ұйымында жұмыс істеуге не тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуге міндетті. Жұмысты өтеу жөніндегі міндетін орындамаған жағдайда, жас маман оны оқытуға бюджет қаражаты есебінен кеткен шығындарды республикалық бюджетке қайтаруға міндетті.

ЗАҢҒЕР НЕ ДЕЙДІ?

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің персоналмен жұмыс және құқықтық мәселелер басқармасының басшысы Самал Ильясова осы мақалада көтерілген мәселе бойынша біртүрлі сот процестеріне қатысты. Ол мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған жас мамандардың жауапкер ретінде сот процесіне тартылуын оқуға түскен кезде «Білім беру қызметін көрсету туралы шарт» талаптарына мән бермеуінің салдары деп түсіндіреді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатын кез келген білім алушы және олардың ата-аналары жоғары оқу орнында білім алу бөлігі шығыстарды қажет ететіндігін түсінген жөн. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға жұмсалатын шығыстар профессор-оқытушы құрамының еңбекақысын, білім беру құзметін көрсету үшін жоғары оқу орнындағы үшін қажетті материалдық-техникалық базасымен қамтамасыз етуі және т.б. қамтиды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған жас мамандардың мемлекет алдындағы жауапкершілігі 27 шілде 2007 жылғы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңының 47-бабының 17-тармағымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мамандық жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетін босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және «Білім беру грантын беру ережесін бекіту

туралы» 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы №390 қаулысында қаралған.

Соның негізінде жоғары оқу орнындағы білім беру қызметін көрсету туралы шартқа білім алушылардың мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мемлекет алдындағы міндеттерін көрсетеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2021-2022 оқу жылына арналған білім беру қызметін көрсету туралы шартының 3-ші тарауы да мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатындарға арналған. Онда білім алушылардың төмендегідей міндеттері көрсетілген:

1) ҚР «Білім туралы» Заңының 26-бабы 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген және Қазақстан Республикасының ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтарына берілетін квота шегінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын педагогтік ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуға түскен Қазақстан Рес-

публикасының азаматтары жоғары университетті бітіргеннен кейін кемінде үш жыл тиісінше білім беру ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан ауылдық жерде орналасқан аграрлық бейіндегі ұйымдарда;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын және ҚР «Білім туралы» заңының 26-бабы 8-тармағының 6) тармақшасында белгіленген квота шегінде педагогикалық, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары университетті бітіргеннен кейін оқыған жеріндегі өңірде кемінде үш жыл;

3) Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық мамандықтарға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары білім беру ұйымдарында және денсаулық сақтау ұйымдарында университетті бітіргеннен кейін кемінде үш жыл;

4) Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа мамандықтар бойынша білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары университетті бітіргеннен кейін кемінде үш жыл меншік нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыспен өтейтіндігі.

Сонымен қатар шартта мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша университетті аяқтағаннан кейін өздері іс жүзінде оқыған уақытқа мөлшерлес мынадай:

1) ақилы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысқан;

2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақилы негіздегі оқуға ауысқан;

3) ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қайта қабылдау шартымен ЖЖБҰ-дан оқудан шығарылған жағдайларда осы тармақта көзделген мерзім шегінде жұмыспен өтейтіндігі айтылып, жұмыспен өтеу мерзімінің формуласы және мемлекеттік тапсырыс бойынша шығыстарды өтеу міндеті білім алушылармен дербес орындатындығы нақты көрсетілген.

– Жыл сайын барлық жоғары оқу орнындағы жас мамандардың жұмысқа орналасуы бойынша бөлуге қатысты комиссия құрылады. Ал медициналық мамандықтар бойынша облыстық денсаулық

P.S. Грант негізінде оқудың да сұрауы бар. Грантта оқып, дипломы алып, кейін өтеуін төлеп жүрмес үшін грант негізінде оқудың талабын білген жөн. Түлектердің мамандық бойынша жұмыс істеуге міндеттеу еңбек нарығын зерттеуге септігін тигізетін болар. Бұл алдағы уақытта сұранысты мамандықты таңдауға бағдар бермек. Әйтпесе, дипломы сандыққа салып тастағандар қаншама?..

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫ Тұрақты баға кепілі ме?

Жылдың қай мезгілінде де бағаны бірқалыпты ұстау үшін ауылшаруашылығы өнімін қысқа сақтау үшін көкөніс қоймаларының орны ерекше. Ең бастысы – өзімізден шыққан өнімді көктемге дейін жеткізіп, халыққа қолжетімді бағада сату. Жыл сайын дикандар мол табысқа жеткенімен егер азық-түлік, көкөніс сақтайтын қойма тапшылығы туындаса, төккен тер мен еткен еңбек зия қетері сөссіз. Себебі шаруа біткен қойма болмаса, қолдағы барын ұзақ мерзімге сақтай алмайды. Осыдан кейін сырттан келген өнімді бірнеше есеге қымбат алуға тура келеді. Осындайда «Қолда бар да алтынның қадірі жоқ» деген тәмісі еріксіз ойға оралады. Билы бағаның күрт өсуі, атап айтқанда картоп, сәбіз, пияздың қоймаларда ерте таусылғанымен тікелей байланысты.

– Қазіргі кезде жергілікті халықты көкөніс пен жеміс-жидек өнімдерімен толық қамтамасыз ету мақсатында қажетті өнім өңтүстік аймақтар мен көршілес Өзбекстан республикасынан жеткізіледі. Жазғы уақытта тұрақтандыру қорына немесе басқа да қоймаларға үлкен көлемде жана піскен өнім көлемдерін жеткізіп, сақтау мүмкін емес. Себебі жана піскен картоп, сәбіз тез бұзылуға бейім. Жалпы картоп және көкөніс бағаларының көктем және ерте жазда күрт көтеріліп жылда байқалатын құбылыс. Мұндай жағдай еліміздің барлық аймағында орын алады. Осы орайда Түркістан облысы әкімдігімен ерте пісетін картоп, сәбіз өндірушілерінің байланыс ақпараттары алынып, әрі қарай тікелей жеткізу жұмыстарын үйлестіру үшін аудан және қала кәсіпкерлеріне беріліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде облыс нарығында картоп 160-200 теңгеден, сәбіз – 260-300 теңгеден сатылуда, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Басқарма басшысының айтуынша, өңірде азық-түлік бағасын реттеп, оны қадағалайтын тұрақтандыру қоры бар. Алайда бұл тұрақтандыру қоры – тұрақты баға кепілі болып тұра ма?

Бүгінде бұл қордың қоржынында 1071,8 тонна өнім көлемі бар. Оның ішінде бірінші сорты бидай ұны – 616,5 тонна, күріш – 100, кант – 235,4, макарон – 74,7, қарақұмық жармасы – 21,9, сүт – 23,4 тонна бар. Сондай-ақ облыстағы негізгі сауда орындары мен олардың қоймаларында және тұрақтандыру қорында 7 мың

Басы 1-бетте



тонна әлеуметтік маңызы бар өнімдердің қоры сақталып, халыққа ұсынылуда. Ал облыс бойынша сыйымдылығы 12 мың тоннаны құрайтын 9 көкөніс, жеміс, картоп сақтайтын қойма тіркелген. Оның ішінде Қызылорда қаласы бойынша өңірлік тұрақтандыру қорының мамандандырылған ұйымы «Байқоңыр» ӨКК» АҚ-ның сенімді басқаруына берілген «Алтын Қамба» ЖШС-де 5250 тонна өнім сақтайтын мүмкіндігі бар 2 қойма, ал сауда орындарында 6568,4 тонна өнім көлемін сақтауға арналған қоймалар бар.

Ал, мынаны қараныз. Облыс бойынша биыл көмелетке толмаған балаларды қоса есептегенде 818,1 мың тұрғын тіркелген. Жан басына шаққанда жылына шамамен 100 кг картоп жейді деп есептесек, жергілікті халық бір жылда 81800,5 тонна картоп тұтынады. Осы тұста өңірде мұндай сыйымдылықты сақтайтын қойма бар ма және ол талапқа сай ма? деген сұрақ туындайды. Қаладағы «Алтын Қамба» қоймасының бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу үшін сонда бардық. Алайда оның ішіне кіру мүмкін болмады. Қойма меңгерушісінің айтуынша,

басшылардың рұқсаты керек. Бірақ «Байқоңыр» ӨКК» АҚ-ның басшылығының бір жасырғаны бардай, бізді қоймаға жолатқысы келмеді.

– Ауылшаруашылық қоймалары негізі екі бағыт бойынша даму керек. Бүгінде күрішке арналған қоймалар бір жолға қойылған. Ал көкөніс, жеміс-жидек, ет сақтайтын қоймалар тұралап тұр. Бір өкініштісі, біздегі «Алтын Қамба» қоймасына жыл сайын қаржы бөлінгенімен ешқандай қайтарымы жоқ. Әрине, ол еуро стандартпен салынған. Оны түсінеміз, қолдаймыз. Бұл да керек дүние. Алайда ол қоймадағы мұздатқыштар дұрыс жұмыс істемейді. Сондықтан ондағы өнімдер бұзылып, мемлекеттік комиссия арқылы арзандатып сатып жіберіледі. Айналды

келгенде мемлекеттік қаржы дұрыс жұмсалмай отыр. Бір сөзбен айтқанда «Алтын Қамба» қоймасы өз деңгейінде жұмыс істеп тұрған жоқ. Сол үшін жана қойма салатын кәсіпкерлерге төмен несие беріп, аудандар мен қаладан талапқа сай қойма салдырту керек. Бүгінде «Абай-Дәулет» ЖШС Жаңақорған ауданынан «Жанар-Ай» көкөністер сақтайтын қоймасын салып жатыр. Қойманың қасында алма бағы да жанданды. Кенес заманында көкөніс, жеміс жидек қоймалары көп болды. Осы тәжірибені қайта қолға алу керек. Олар жартылай жердің астынан салынған. Соңғы кездері ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің жана тізімі жасалды. Нәтижесінде жеміс-жидектер, оның ішінде алма, жүзім егу қолға алынды. Бұл өте қуантарлық жағдай. Алайда осы жеміс-жидекті сақтайтын қойма қажет. Екеуі де қатар жүріп бірге дамып отырса, ешқандай қиындық тумайды. Сондай-ақ өнімді өңдейтін цех қоса салынуы керек. Сонда жана нәтижелі жұмыс жүреді. Біздің негізгі ұсынысымыз мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, төмен процентпен қарыз берілу керек, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықов.

Ал, мынаны қараныз.

Облыс бойынша биыл көмелетке толмаған балаларды қоса есептегенде 818,1 мың тұрғын тіркелген. Жан басына шаққанда жылына шамамен 100 кг картоп жейді деп есептесек, жергілікті халық бір жылда 81800,5 тонна картоп тұтынады. Осы тұста өңірде мұндай сыйымдылықты сақтайтын қойма бар ма және ол талапқа сай ма? деген сұрақ туындайды. Қаладағы «Алтын Қамба» қоймасының бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу үшін сонда бардық. Алайда оның ішіне кіру мүмкін болмады. Қойма меңгерушісінің айтуынша, басшылардың рұқсаты керек. Бірақ «Байқоңыр» ӨКК» АҚ-ның басшылығының бір жасырғаны бардай, бізді қоймаға жолатқысы келмеді.


Баға тұрақтылығы заманауи талапқа сай көкөніс сақтайтын қойма қажет-ақ.

Ақпарат ОЛЖАБАЕВА
суретті түсірген: Н.НУРЖАУБАЙ

БАЙҚАУҒА!

«КЕШІРІМГЕ ҚАНША АПАРАМЫЗ?»

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары дегенде сол кездегі елдегі жағдай еріксіз көз алдына келе қалады. Тәуелсіздік жылдарындағы естен кетпес естеліктің бірі – әрбір отбасының теңгені қолға ұстауы. «Ақша ауысты, өзіміздің төл теңгеміз болады» деген хабар ауылда желден де жылдам тарайды. Теңгені көргенше асықтық. Ол кезде жас келінмін. Біз үшін ашаның құны емес, теңгенің дизайны қызық болды. Дастархан басына үлкен-кіші жағалай отырып, әрбір теңгені қызықтап жатырмыз. Мынау Сүйінбай екен, Абылайды кара, Абай да бар екен. Қазақтың батыр-билерін оқулықтан көрмеген біз үшін бәрі қызық. Бір керемет қазынаға тап болғандай әрқайсысын бір ұстап, теңгемен емес, тұлғалармен танысу басталғандай. Тек Ұлы Отан соғысының ардагері атам ғана ойлап қалды. «Тиынның қағаз ақша болып шыққаны қалай болар екен. Болашағы жарқын болсын, ел экономикасына әсері оң болса екен» деді жай ғана. Пошталының келуін күтіп газетті жібермей оқитын, теледидар, радиодағы жаңалықты жібермей тыңдап, елдің жайына алаңдап отыратын атам өте



Отбасылық альбомнан. 1993 жыл.

сауатты болатын. Содан да болар, бір әулет, дүйім ауыл ақсақал не дер екен деп соңғы шешімді сол кісіге қалдыратын.

Теңге ауысқан шақта ауылда бір әулет, дүйім ауыл ақсақал не дер екен деп соңғы шешімді сол кісіге қалдыратын.

– кешірім жіберу. «Кешірімге қанша апарамыз?» делі үй иесі. «Шынында қанша апарамыз?», «Теңгемен қалай болар екен?» деп жан-жақтан әулеттің үлкен-кішісі үн қосып жатыр.

– Бүгінгі күнге дейін 1000 сом апарып жүрміз ғой, сол дәстүрді бұзбайық.

– 1000 сомың қанша теңге болады сонда?

– 2 теңге.

– 2 теңгені қалай апарамыз?

– Сомды ұмытайық, енді теңгемен есептейік те.

– Сонда қанша?

Кешірімге қанша апарудың мәселесі ұзақ талқыланды. Сома үйреніп қалған елдің теңгеге бірден үйреніп кетуі оңай болған жоқ. Сонымен есептей келе үлкендер жағы ақылдасып, 80 теңге конвертке салынып, кешірімшілерді шығарып салдық. Теңге ауысқан тұстағы алғашқы той көптің есінен кетпеді. Кешегі күнге дейін сол келін «80 теңгенің келіні» аталып кетті. Әсіресе, қайыңдары «80 теңге» деп әзілдейтін.

Ал тойдағы қызық өз алдына. Ағайын-туыс жинала қалса, қанша теңге әкелгенін білдірту үшін «Абылайдан әкеліп отырмын», екі

Абай бар менде» деп банкноттағы тұлғалармен айтатын, ауыл айтқыштары.

Әрине, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әр отбасыға оңай тиген жоқ. Қазақ елі тәуелсіздігін алып, енесінен көтеруі әрбір үйге әсер етті.

– Зейнетақының кешіккеніне бүгін тура 8 ай. Бұл қиындықтан да өтерміз, – деді атам бір күні танертеңгілік шай үстінде. Осы бір шүкіршілік, «тәуелсіз ел болдық» деген сөз бізді алға жетелейтін. Сол шүкіршіліктен азанғы сүттің бір литрін ғана үйге қалдырып, қалғанын алып, ауданға тартамыз. Сүттен түскен ақшаға бір литр шемішке май, бір-екі сабын, әйтеуір сөмкенің түбінде ғана жататын затпен үйге қайтатынымыз. Ауылдағы әрбір үй сүт сатып лаждаған уақыт еді бұл. Алайда адамдардың енесі түспеді. Жақсы күннің келетініне үмітпен қарау, шүкіршілік ету, қолдағы барды қанағат тұту қиын уақытты еңсеруге септігін тигізді.

Гүлнар ШАЙХЫСЛАМКЕЛІНІ
Мәдениет ауылы,
Жалағаш ауданы



ТІЛМАШ ТАҒДЫРЫ

«CNN»-ның ресми сайтында Таяу Шығыс ахуалына қатысты жарияланған келесі ақпарат көзі – «Тәліптер тілмашты өлтірді» атты бағдарлама. Санди Сидху, Анна Корен, Хелен Риган секілді арнайы тілшілердің бірлескен бағдарламасында Ауған жеріндегі тілмаштарды өмірі суреттелген. Әсіресе, НАТО мен АҚШ әскеріне көмектесіп, араб, пушту (Ауғанстанның ресми тілі) тілдерінен аудармашы болған азаматтарды бүгінде тәліптер тарапынан қуғынға ұшырауда. Ланкестер билік құрған аумақта бұрын шетел әскеріне көмектескен немесе аудармашы болғандарды жаппай өлтіру үрдісі белсенді алған. Авторлар содырлардың қолынан қаза болған тілші Сохейл Пардистің өмірін бағдарламаға өзегіне айналдырған екен.



«Сохейл Пардистің ел астанасы Кабулдан Хост аймағында тұратын әкесіне жолға шықты. Алайда оның көлігін шөл далада тәліптердің блок-бекеті бөгеп, қанды оқиға орын алды. Оқиғаның немен аяқталғанын сезген аудармашы блок-бекетке жақындаған шақта жылдамдықты үздіп, қашып кеткен болған. Куәгерлердің сөзінше, тәліптер оның көлігіне оқ атып өлтіріп, басын кесіп тастаған. Мұндай сорақы қатігездік елдегі өзге тілмаштарды үрейге ұшыратып, қорқыныш қамытын кигізді. Алайда үрей бұрыннан бар еді.

Сохейл Пардистің өзінен бірнеше күн бұрын досына тәліптердің қолдан-қолға жасағанын айтқан. Ол өзінің АҚШ әскеріне аудармашы болғанын содырлардың біліп қалғанын айтып, сақтық танытуды тапсырыпты. Бұл әңгіме туралы «CNN» арнасында Сохейлдің досы әрі әріптесі Абдулхак Аюби былай деп жеткізді: «Сохейлге тәліптердің «Тыныштың, америкалықтардың көзін. Сендей құдайсызды өлтіреміз, отбасыңды да тірі қалдырмаймыз» дегенін айтқан болатын».

Шетел әскері Ауған жерінен шыққалы тәліптер жауларына көмектескен аудармашыларды өлтіруді қолға алды. Бағдарлама авторлары Сохейлді де АҚШ-тың қарулы күшінде жұмыс істеген он мыңдаған аудармашының бірі деп көрсеткен. Маусымда «Талибан» радикалды ұйымының өкілдері қарсыласқа болысқан ел азаматтарына қысым жасамалығын айтқанымен, әзірге ешқандай нәтиже жоқ. Қазіргі көрініс тек «жасалау» ұранымен өтетін қанды-қасап, кісі өлтіру. Сондықтан Ауғанстандағы АҚШ пен НАТО әскеріне көмектескен 18 мың аудармашы арнайы иммиграциялық виза (SIV) алуға өтінім беріп, АҚШ-қа қашуға ниет білдіріп отыр.

Сонымен қатар бағдарламада «Ақ үй» билігінің «Одақтас баспана» операциясын («Operation Allies Refuge»-ауд.) қолға алуға көшкені айтылыпты. Жоба бойынша соғыс кезінде шетел әскеріне жазбаша және ауызша аударма жасауға көмектесіп, қазір өміріне қауіп төнген мыңдаған тілмашты АҚШ-қа қоныстандыру көзделген.

Байден әкімшілігінің баспасөз хатшысы Джен Псаки аудармашыларға арнайы виза беру және эвакуациялау шілдесі соңғы аптасында жүзеге асатынын мәлімдеді. Оған қоса АҚШ билігі қалған аудармашылардың визасы дайын болғанына оларды өзге мемлекетке көшіру мақсатында келіссөз жүргізуде. Сәрсенбіде Пентагон өкілі Джон Карби бірлесу жұмыс істеген өзге ауған азаматтарын тағы қай елдерге көшіруге болатыны жоспарланып жатқанын айтты.

«Алайда аудармашылардың бәрі бірдей көмекке қол жеткізер емес. Мәселен, Ширзад есімді аудармашы виза ала алмай отыр. Оған себеп – АҚШ әскерілерімен жасалған келісім-шарттағы оқшылық. Ширзад америкалық әскерілермен бірлесу 63 әскери операцияға қатысқан. Бес жыл АҚШ әскері құрамында лингвист болып қызмет атқарып, қауіпті тапсырмалар орындады. Тіпті комиссия назарына Кедржан жазығында өткен әскери іс-қимылдың суретін де ұсынған. Алайда мұның барлығы виза алуға көмектесе алмаған көрінеді. Ол бізбен сұхбатында не үшін елден кеткісі келетіні туралы: «Егер Ауғанстанда бейбітшілік болса, мен елден кетпес едім. Егер тәліптер соңыма түспесе, мен ешқашан Отанымнан жырақтамас едім» деді.

Ал «Ақ үйдің» баспасөз хатшысы виза ала алмаған аудармашылар туралы мынадай мәлімдеме жасаған: «Бұрында айтқанымыздай, біз АҚШ әскеріне көмек көрсеткен кім-кімге болмасын қол ұшын созамыз. Себебі олар өзін ғана емес, отбасының да өмірін кеткіге тігіп, жауапкершілігі мол жұмыс атқарды. Түсінікті болу үшін айтайын, АҚШ әскері Ауғанстандан шыққаннан кейін де Кабулда елшілік жұмыс істейді. Елшілік арнайы иммиграциялық виза беруді жағастыратын болады» деген еді.

Шынымен, қазіргі таңда Ауған жеріндегі тілмаштардың тағдырына тікелей әсер ететін жұмыс мәселесі жаңа қилымыстың тұтануына әкеп соғуы мүмкін. Журналистер АҚШ-қа аттанатын алғашқы таптағы аудармашылар саны небары екі жарым мың екенін айтады. Сондықтан АҚШ үкіметі көмек берген азаматтарды тағдырдың тәлкегіне қалдырмай, дер кезінде екетпесе, мыңдаған бейбіт тұрғын тәліптердің жауыздығынан жан тапсырауы анық.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

СПОРТ

Кеше биылғы жылдың байрақты бәсекесі «Токио-2020» жазғы олимпиада ойыны басталды. Жарыстың ресми ашылу салтанатына әр елден келген делегация қатысып, салтанатты түрде жарыстың шымылдығын түрді. Олимпиада өтіп жатқан Токиодағы спортшылардың жағдайын, дайындық барысын білу үшін Сыр өңірінің былғары қолғап шебері Қамшыбек Қоңқабаевпен тілдестік.



«ҮМІТТІ АҚТАУ ҮШІН АЯНЫП ҚАЛМАЙМЫЗ»

– Ашылу салтанатына қазір бірер сәттен кейін аттанамыз. Сол жерде 3 сағаттық дайындық болуы керек. Содан соң ашылу салтанаты өтеді. Жалпы делегацияның жағдайы жақсы, мұнда барлық мүмкіншілік жасалған. Қауіпсіздік ережелеріне де баса назар аударылып, қатаң түрде сақталуда. Жарыстың ұйымдастыру деңгейі де өте жоғары, – дейді Қамшыбек Қоңқабаев.

Жалпы олимпиада ойындарының ішінде ең бірінші жарыс софтболдан өтті. 21 шілдеде өткен бірінші ойында Жапония мен Австралия әйелдер құрамасы бәсекелесіп, 8-1 есебімен олимпиада өткізіп жатқан Жапония құрамасы жеңіске жетті. Токио олимпиадасының ұйымдастыру комитетінің президенті Сейко Хасимото мен Олимпиада министрі Тамайо Марукава ойынның алдындағы ашылу рәсіміне қатысты.



Қазіргі кезде олимпиада ойындарының алғашқы кестесі де жарияланып үлгерді. Мәселен, дзюдодан ұлттық құраманың плуаны Оттонцэцэгтің алғашқы қарсыласы қытайлық Ли Ю. Ал Елдос Сметов жарысты екінші айналымнан бастап Түркия немесе Бутан елінің плуанымен бәсекелеседі. Ал Сыр елінің былғары қолғап шебері Қамшыбек Қоңқабаев алғашқы жарысын 29 шілдеде мысырлық Есри Рез Мұстафамен өткізбек.

Дүбірлі додада өнер көрсетіп, шаршы алаңда шеберлік шындайтын Қызылорданың боксшысы Қамшыбек Жанкүйерлердің үмітін ақтау үшін барын салатынын айтты. «Тіпекші болып, қолдау білдіріп отырған барша жанкүйерге алғыс айтамыз. Құдай қаласа, елдің үмітін ақтау үшін жігіттер аянып қалмаймыз, бар күш-жігерімізді саламыз. Тек сіздер қолдап, жанкүйер болыңыздар», – деді былғары қолғап шебері.

Жалпы олимпиада ойындарын қазақстандық жанкүйерлердің тамашалай алатыны соңғы кезге дейін белгісіз еді. Себебі алғашында Жапонияда Олимпиада көрсетілімін ұйымдастыру құқығына ие тараппен келіссөз жүргізу қиыңа соққаны туралы ақпарат тараған еді. Бұған тікелей көрсетілім жасайтын тарап бағаны қымбаттатып көрсеткені себеп болды. Дегенмен ашылу салтанатына бірер сағат қалғанда «Qazaqstan» телерадиокорпорациясы мен «Хабар» агенттігі» АҚ ел аумағында Токио олимпиадасын және 2022 жылы Пекинде өтетін қысқы олимпиада ойындарынан тікелей көрсетілім жүргізу құқығына ие болғанын мәлімдеді.

Олар жасасқан келісім-шарт қорытындысы бойынша трансляция құнын қолайлы бағада сатып алу туралы ортақ мәмілеге келген. Енді Қазақстан халқы 23 шілде мен 8 тамыз аралығында өтетін Токио-2020 жазғы олимпиадасын «Qazaqstan», «Qazsport» және «Хабар» телеарналарынан тікелей эфирде тамашалай алады.

А.БІРКЕНОВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, шабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4324 Тапсырыс №1066

Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН